

Қазақстанды дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиясын насихаттау жөніндегі ұйымдастыру жұмысы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 25 ақпандағы N 143

Қазақстанды дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиясын насихаттау үшін елдің кең интеллектуалдық ресурстарын тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі шығармашылық ұжымдарының арасында ел Президентінің Қазақстан халқына "Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" Жолдауын халықтың арасында түсіндіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға арналған конкурс өткізсін.

2. Шығармашылық ұжымдарының арасында ел Президентінің Қазақстанның халқына "Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" Жолдауын халықтың арасында түсіндіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға арналған конкурс өткізу жөніндегі комиссияның ұсынылып отырған құрамы бекітілсін;

комиссия он күндік мерзім ішінде конкурсты өткізудің шарттары мен оған қатысушыларға талаптарды әзірлесін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне 1998 жылға арналған республикалық бюджетке әлеуметтік зерттеулер жүргізу бөлігінде көзделген қаражаттың есебінен - Қазақстан

Республикасының Ғылым министрлігіне - Ғылым академиясына мемлекеттік тапсырыстың шеңберінде ғылыми зерттеулер жүргізуге арналып көзделген қаражаттың есебінен көрсетілген мақсатқа арналған шығыстарды қаржыландыруды көздесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 25 ақпандағы
N 143 қаулысымен

бекітілген

Шығармашылық ұжымдарының арасында ел
Президентінің Қазақстан халқына "Қазақстан - 2030.
Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және
әл-ауқатының артуы" Жолдауын халықтың арасында түсіндіру
жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға арналған конкурс
өткізу жөніндегі комиссияның құрамы

А.С.Сәрсенбаев - Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық
келісім министрі, комиссияның
төрағасы

Б.Т.Сұлтанов - Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Мемлекеттік
сатып алу жөніндегі департа.
ментінің директоры, комиссия
төрағасының орынбасары

Б.Б.Әбдіғалиев - Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігі, Реформаларды
талдау, жоспарлау және
насихаттау басқармасының
бастығы, комиссияның хатшысы

Комиссия мүшелері:

М.С.Әшімбаев - Қазақстан Республикасының
Президенті Әкімшілігінің
Талдау және стратегиялық
зерттеулер орталығы
жетекшісінің орынбасары
(келісім бойынша)

Е.М.Арын - Қазақстан Республикасының
Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау вице-министрі

Л.Ю.Тараков - Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық
келісім вице-министрі

К.Н.Келімбетов - Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар жөніндегі
агенттігінің департаменті
директорының орынбасары

А.К.Сұлтанғалиев - Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Қазақ стратегиялық зерттеулер
институтының директоры

М.Е.Аманбаев - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Кеңсесі
Сараптық-талдау бөлімінің
меңгерушісі

Н.С.Бектұрғанов - Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігі Ішкі саясат
департаментінің директоры

А.К.Төлебаев - Қазақстан Республикасының
Ғылым министрлігі - Ғылым
Академиясы Мемлекеттік
ғылыми-техникалық
бағдарламалар және оларды
ресурстық қамтамасыз ету
департаментінің директоры

